ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2025 жылы 18 тамыз №7119-25-00-2/8626 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Шейх Тәмим бен Хамад әл-Тәни атындағы № 85 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

ЖАУАПКЕР:
ЖК «АБДРАХМАН» атынан Абдрахман Әбдірасыл Бейсенбайұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Шейх Тәмим бен Хамад әл-Тәни атындағы № 85 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК-ның жауапкер ЖК «АБДРАХМАН» атынан Абдрахман Әбдірасыл Бейсенбайұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

ЖК «АБДРАХМАН» атынан Абдрахман Әбдірасыл Бейсенбайұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «АБДРАХМАН» атынан Абдрахман Әбдірасыл Бейсенбайұлынан мемлекет кірісіне 7 644 (жеті мың алты жүз қырық төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын және 2 195 (екі мың бір жүз тоқсан бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 18.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 25.09.2025, судья Абенова А. Ч., 29.09.2025

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 18.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 25.09.2025, судья Абенова А. Ч., 29.09.2025

7119-25-3-1/8713